ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ КАРАТОБИНСКОГО
РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 25 сәуірдегі

№ 39

Ауданның аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының төтенше резервінен қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы және өзін-өзі басқару туралы» Заңын және Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, және Қаратөбе ауданы әкімінің 2022 жылғы 2 сәуірдегі «Қаратөбе ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» № 7 шешімі негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаратөбе ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою бойынша тиісті шараларды қабылдау мақсатында, осы қаулының қосымшасына сәйкес қажетті материалдық-техникалық құралдар, азық-түлік алу және келтірілген шығынды алдын-ала болжамды есептеу және бағалау жүргізу үшін Қаратөбе аудандық экономика және қаржы бөлімі «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасынан 5 700 000 (бес миллион жеті жүз мың) теңге қаржы бөлуді қарастырсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Сұлтанға жүктелсін.

Аудан әкімі **Қ.Сүйеуғалиев**

Аудан әкімдігінің 2022 жылғы «25» сәуірдегі № 39 қаулысына қосымша

Қаратөбе ауданы аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою бойынша тиісті шараларды қабылдау мақсатында қажетті материалдық-техникалық құралдар, азық-түлік және қызметтер тізімі

№	Құрал-жабдықтар атауы	Бағасы, теңге 1 бірлік үшін	саны	Құрал-жабдықтар құны ,теңге
1	Дизельдік отын	260	3000 литр	780 000
2	Қапшық	95	5000 дана	475 000
3	Құрал-жабдықтар			425 000
4	Азық-түлік (тамақтандыру)			1 410 000
5	Келтірілген шығынды алдын-ала болжамды есептеу және бағалау жүргізу үшін			2 610 000
	Барлығы:			***5 700 000***

"ҚАРАТӨБЕ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КАРАТОБИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ"

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

26.04.2022 | № 17

Қаратөбе ауылы | с. Каратобе

«Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы 434-V Заңының 41-бабының 1, 4, 5-тармақтарына сәйкес (әрі қарай – Заң) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік сатып алу бойынша 2022 жылғы 25 сәуірдегі №39 қаулысы бойынша Қаратөбе ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою бойынша тиісті шараларды қабылдау үшін, Заңның 39 бабының 3 тармағының 4-тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.
2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды, сондай-ақ Заңның 41-бабының 4-тармағына сәйкес жауаптылықты өзіме жүктеймін.
4. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Қаратөбе ауданы әкімдігінің қаулысы

Бөлім басшысы **Б.Нурмагамбетов**

000109